

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
11.03.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 11.03.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрайымы Жайлғанова Анар Нұралықызына беріледі.

ЖАЙЛҒАНОВА А.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Заң жобасы Елбасының, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау мақсатында Үкіметтің заң жобалау жұмыстары жоспарының негізінде әзірленген.

Заң жобасының негізгі мақсаты – мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру. Осыған орай заң жобасымен келесі мәселелер ұсынылады.

Бірінші. «Дипломмен – ауылға!» жобасын мемлекеттік қызметшілерге қолдану. Қазіргі уақытта ауылдық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдарда кадрлардың жетіспеушілігі орын алып отыр.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ауылдарда кадрлардың тапшылығы 1068 адамды құрайды, оның ішінде атқарушы деңгейде 936 адамнан астам.

Түзетулер ауылдағы мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру, мемлекеттік қызметке білікті кадрларды тарту мақсатында ұсынылған. Бастама Мемлекет басшысымен 2017 жылдың 12 шілдесінде мақұлданған болатын.

Екінші. «А» корпусының кадр резервін жасақтаудан бас тарту. Соңғы екі жылдағы тағайындауларға жасалған талдау олардың 66 пайызы кадрлық резервтен тыс жүзеге асырылатынын көрсетті. Бұл резервке алынған адамдардың мемлекеттік органдардың салалық қажеттіліктеріне көп жағдайда сәйкес келмейтіндігінен болып отыр.

Бүгінгі таңда «А» корпусының резервінде 25 резервші бар. «А» корпусының кадр резервіне соңғы нақты іріктеу 2017 жылы өткізілген. Сондай-ақ «А» корпусындағы лауазымдардың саны аудан әкімдеріне мемлекеттік саяси қызметшілер мәртебесі берілгеннен кейін айтарлықтай қысқарғанын атап өту қажет. Президент Әкімшілігі секторларының меңгерушілері, Парламент палаталары, Премьер-Министрі Кеңесінің, Агенттік бөлімдерінің меңгерушілері «А» корпусынан шығарылғанын білесіздер. Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің қолданыстағы тізілімі тек «А» корпусына жататын үш лауазым санатынан тұрады (жауапты хатшы, аппарат басшысы, комитет төрағасы).

Сонымен қатар осы резервті қысқарту «А» корпусының лауазымдарына үміткерлер тобын кеңейтуге, сондай-ақ аталған лауазымдарды жедел толтыруға мүмкіндік береді.

Бастама Мемлекет басшысының 2019 жылғы 18 қарашадағы қарарымен мақұлданған.

Үшінші. Арнайы тексеруді жүргізу кезеңін мемлекеттік қызмет өтіліне қосу ұсынылады. Өйткені олар мемлекеттік қызметшілерге қарастырылған міндеттерді атқарады және оларға мемлекеттік қызметкерлерге көзделген барлық шектеулер қолданылады. Осыған дейін ол жұмыс мемлекеттік қызмет өтіліне есептелмеген және жоғары лауазымға тағайындауға теріс әсерін тигізіп келген.

Төртінші. Конкурстық рәсімдерді оңтайландыру ұсынылады. Атап айтқанда, үш кезеңдік конкурстық іріктеуден екі кезеңдік конкурстық іріктеуге көшу. Яғни барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері арасындағы екінші ішкі конкурсты және жалпы конкурсты біріктіру ұсынылады. Бұл конкурстық рәсімдердің уақытын 14 жұмыс күніне қысқартуға және бос жұмыс орындарын толтырудың жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бесінші. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің қайта ұйымдастырылуына және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылуына байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде әкімшілік хаттамалар жасау құзыретін қайта реттеу ұсынылады. Бұл ұстанымдар барлық мүдделі органдармен келісілді. Атап айтқанда, агенттіктің құзыретіне жататын сұрақтар бойынша хаттамалар жасау құқығын бекіту ұсынылады. Мысалы, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бұзу немесе рұқсат беру тәртібі мен мерзімдерін бұзу.

Сондай-ақ баламалы негізде мемлекеттік қызметшілердің қызметіне қатысты бірқатар баптар сақталуда. Бұл мемлекеттік қызметкершілердің кәсіпкерлік қызметпен айналысуы, бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды мемлекеттік қызметке қабылдауы немесе декларация тапсырмауы.

Алтыншы. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды айқындау ұсынылады. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бұған дейін

Мемлекеттік басқару академиясы мен оның филиалдарында ғана жүзеге асырылған болатын.

2019 жылғы 26 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға енгізілген түзетулерге сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру енді мемлекеттік орган қызметінің саласы бойынша өзге де білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуы мүмкін. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілерді оқытуға сапалы тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды айқындау ұсынылады.

Жетінші. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жауапкершілігі қаралатын адамдарды басқа мемлекеттік қызметке ауысуына байланысты жұмыстан босатуға тыйым салу ұсынылады. Осындай шектеулер құқық бұзушылық жасаған адамдарды жауапкершіліктен босатудың жолын кесу үшін қолданыстағы заңда өз еркі бойынша жұмыстан босатуға да қарастырылған.

Сегізінші. Жекелеген саяси лауазымдарға Президенттің шешімі бойынша біліктілік талаптарын белгілеу ұсынылады. Қазіргі уақытта саяси лауазымдарға біліктілік талаптар белгіленбейді. Осыған байланысты жеткілікті жұмыс тәжірибесі жоқ адам бос лауазымға орналасуы мүмкін. Бұл түзетулер Президент Әкімшілігінің 2019 жылғы 13 қазандағы тапсырмасын орындау үшін әзірленді.

Жоғарыда аталғандар заң жобасының мемлекеттік қызметті өткеру бөлігіндегі негізгі новеллалар. Сондай-ақ заң жобасында құқықтық коллизияларды жоюға, басқа заңдарға сәйкес келтіруге бағытталған нормалар бар. Мәселен, агенттіктің қайта аталуын ескере отырып, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» және «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңдарға тиісті түзетулер енгізіледі.

Заң жобасымен бір кодекске және төрт заңға түзетулер енгізіледі.

Жалпы, заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен шығындарға әкеп соқпайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Құрманова Айзада Амангелдіқызына беріледі.

ҚҰРМАНОВА А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Анар Нұралықызы! Қазір мемлекеттік қызметке орналасу үшін конкурстың үш кезені өтеді, яғни бір мемлекеттік органның ішінде, барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін және үшінші кезең – жалпы конкурс.

Заң жобасында барлық мемлекеттік органның арасындағы конкурсты жалпы конкурспен біріктіріп, конкурстық рәсімдерді оңтайландыру ұсынылады. Осылайша, мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке алғаш рет орналасатын азаматтармен бәсекелестікке түседі.

Атаулы конкурстық рәсімдерді оңтайландыру меритократия қағидатын сақтауына кері әсерін тигізбей ме? Біздің ойымызша, бұл қағидат іс жүзінде әлі де тиісті деңгейде жұмыс істемейді. Осыны түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ЖАИЛҒАНОВА А.Н. Сұрағыңызға көп рақмет.

Негізі меритократия дегеніміздің өзі сол мемлекеттік органда жұмыс істеп жатқан мемлекеттік қызметшінің еңбегі, оның кәсіби біліктілігі, оның тәжірибесі, соған нақты баға беру арқылы оның лауазымын жоғарлату. Осы оңтайландыру меритократия қағидаттарына теріс әсерін тигізеді дегенге келісе алмаймыз. Өйткені бірінші кезеңде сол мемлекеттік органдағы барлық мемлекеттік қызметшілер көрсетілген лауазым бойынша конкурсқа қатысады. Сондықтан бірінші кезеңде меритократия қағидаты орындалатын болады. Егер сол мемлекеттік органда сондай талаптарға сай келетін үміткер табылмаса, онда екінші конкурс жарияланып, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері және басқа да азаматтар қатысатын болады. Яғни оңтайландыру уақытты 14 күнге дейін қысқартып, вакансия жедел толықтырылады. Меритократия қағидатына біз бірінші конкурста орындайтын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сейдуманов Серік Тұрарұлына беріледі.

СЕЙДУМАНОВ С.Т. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мои вопросы к докладчику и представителю Министерства юстиции.

В соответствии с Законом «О государственной службе» принятие за исполнение своих государственных функций любого вознаграждения в виде денег, услуг и иных форм относится к дисциплинарным проступкам, дискредитирующим государственную службу (статья 50 закона).

Наряду с этим согласно статье 677 КоАПа получение незаконного материального вознаграждения лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, является административным правонарушением.

Таким образом, действующим законодательством за принятие вознаграждения предусмотрены одновременно и дисциплинарная, и административная ответственность.

В этой связи и в целях исключения дублирования мер ответственности депутаты предлагают оставить только административную ответственность, исключив дисциплинарную.

Анар Нуралыкызы, поясните, пожалуйста, какова Ваша позиция по вышеуказанной поправке.

Также я хотел бы услышать позицию представителя Министерства юстиции.

Поясните, пожалуйста, допустимо ли получение двойного наказания за одно правонарушение?

ЖАИЛҒАНОВА А.Н. Большое спасибо за вопрос.

На самом деле очень актуальный вопрос. В 2015 году, когда Закон «О борьбе с коррупцией» был поставлен на утрату, некоторые составы перешли именно в Закон «О государственной службе». Сегодня эта же норма сидит и в КоАП.

Вы абсолютно справедливо заметили, на самом деле государственные служащие не могут нести два вида ответственности. Поэтому я думаю, что абсолютно обоснованные замечание и поправка депутатов. До второго чтения мы с депутатами этот вопрос отработаем.

В целом я поддерживаю, что не может быть двойной ответственности для государственного служащего за данный проступок.

ТӨРАҒА. Понятно.

Пожалуйста, Наталья Виссарионовна.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич. Спасибо за вопрос.

Правила наложения дисциплинарных взысканий на государственных служащих урегулированы Указом Главы государства (декабрь 2015 года). Согласно положению применение мер дисциплинарного воздействия на государственного служащего не освобождает его от иных мер ответственности, если в его деяниях содержится состав административного правонарушения или уголовного преступления. Но здесь нужно подходить, наверное, с точки зрения целесообразности. На первый взгляд может показаться, что административная ответственность более строгая по сравнению с дисциплинарной, но надо учитывать, что административная ответственность – это разовый штраф, все-таки он вполне подъемный, а дисциплинарная ответственность предполагает понижение в должности, предупреждение о неполном служебном соответствии и в некоторых случаях даже увольнение с должности. То есть мы пресекаем, отсекаем саму возможность совершения дальнейшей противоправной деятельности.

В рабочей группе поднимался вопрос по составам. Мы посмотрели, некоторые составы, в обосновании поправок говорится, дублируют, но здесь полностью дублирования нет. Допустим, по статье 178 за непредставление информации, касающейся прав и свобод, предусмотрена ответственность только физических лиц, а в статье 50 есть еще и юридические лица.

Поэтому предлагаем комплексно рассмотреть и до второго чтения, если возможно, отработать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Анар Нуралыкызы! Как известно, в настоящее время в сельской местности наблюдается нехватка государственных служащих исполнительского уровня. Данная проблема особенно обострилась в связи с введением четвертого уровня бюджета для сельских акиматов. Для ее решения

законопроектом предусматривается распространить на государственных служащих норму проекта «С дипломом – в село!».

В связи с этим поясните, пожалуйста, какова на сегодняшний день потребность в кадрах аппаратов акимов сельских поселков, сельских округов, а также насколько эффективно данная мера повлияет на оперативность заполнения вакансий на селе?

ЖАИЛҒАНОВА А.Н. Большое спасибо.

На самом деле проект «С дипломом – в село!» мы хотим применить относительно государственных служащих именно на уровне сельского округа, на уровне села. Надо заметить, что сегодня у нас порядка 900 вакансий именно на исполнительском звене. Почему? Потому что в большинстве случаев конкурсы признаются несостоявшимися, поскольку нет просто кандидатов, нет просто людей, которые хотят работать в селе на этих позициях.

Чтобы увеличить количество кандидатов, повысить качество и оперативность заполнения этих вакансий, мы предлагаем проект «С дипломом – в село!», а какие превенции дает этот проект, вы сами прекрасно знаете.

Мы считаем, что применение этого проекта относительно государственных служащих сельского уровня решит данный вопрос. Именно с этой целью мы хотим применить данный проект.

ТӨРАҒА. Анар Нуралыкызы, Вы сейчас сказали, что вакансий – 900 человек. Это количество вакансий в государственных органах сельских округов?

ЖАИЛҒАНОВА А.Н. Только сельских округов.

ТӨРАҒА. Это достаточно большое количество. Принимаемая норма, наверное, как раз и должна способствовать ликвидации этого серьезного дефицита квалифицированных кадров. Мы все эти годы активно занимались тем, что через эту программу на селе создавали условия мұғалімдерге, дәрігерлерге, но потеряли из вида то, что у нас всю эту рутинную, тяжелую работу в акиматах ведут как раз таки главные специалисты, тот уровень звена государственных служащих. Поэтому эти специалисты контролируют, кстати, и работу водоснабжения, и коммунальных служб, и освещения, и строительства, и коммуникаций. То есть огромный пласт работы.

Поэтому я думаю, что эта норма очень нужна для того, чтобы затем восполнить, расширить и дать возможность обеспечить принцип равных возможностей для всех, кто будет работать в рамках Программы «С дипломом – в село!». Поэтому правильная норма.

Сөз депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.

МҰСЫРМАН К.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне жолданады.

Атап өтілгендей, заң жобасымен мемлекеттік қызметшілерге де «Дипломмен – ауылға!» жобасын қолдану ұсынылып отыр. Осы норманың негіздемесінде бұл жоба жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатыны және қосымша шығынды талап етпейтіндігі атап

көрсетілген. Алайда бұл норма «Дипломмен – ауылға!» жобасына қатысушылардың санатын едәуір кеңейтеді.

Аталған жобаға кіретін санаттардың тізбесі кеңейтілгеніне қарамастан қаржыландыру бұрынғы күйінде қалатынын ескерсек, жергілікті атқарушы органдардың «Дипломмен – ауылға!» жобасын іске асыру үшін қаражаты жете ме? Осыны нақтылап берсеңіз. Және осы жоба бойынша мемлекеттік қызметшілер үшін қанша қаражат бөлу жоспарланып отыр?

ТӨРАҒА. Айгүл Амантайқызы Шайымова.

ШАЙЫМОВА А.А. Үлкен рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Кәрібай Иманжанұлы, сұрағыңызға үлкен рақмет.

«Дипломмен – ауылға!» жобасын іске асыру үшін алдағы үш жылға бюджеттен жергілікті органдарға 60 миллиард теңге бөлінді, яғни әр жылға 20 миллиард теңгеден. Былтырғы жылмен салыстырсақ, жалпы сомасы 3,6 миллиард теңгеге артты. Ал Ұлттық экономика министрлігіне берілген агенттіктің ақпараты бойынша жоспарланып отырған ауылдық мекендерге жіберілетін мемлекеттік қызметшілердің саны 739. Оған қажеттілік 3,1 миллиард теңгені құрайды. Сондықтан осы қаражат шеңберінде қаржыландыру болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құсайынов Серік Досымханұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ С.Д. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемая Анар Нуралықызы! Законопроектом предлагается к отдельным политическим государственным должностям устанавливать квалификационные требования. Да, вопрос по назначению политических государственных служащих очень важен. Необходимо, чтобы на политические государственные должности приходили люди, готовые, имеющие соответствующие опыт работы и знания, а не временщики, которые работают везде по несколько месяцев или максимум год.

В связи с этим я хотел бы уточнить у Вас, почему квалификационные требования будут разрабатываться только для отдельных политических должностей, а также для каких именно политических должностей планируется ввести квалификационные требования?

ЖАЙЛҒАНОВА А.Н. Большое спасибо.

Действительно, до этого момента мы никогда не предъявляли квалификационные требования именно к политическим государственным служащим, потому что это политикоопределяющие должности. Обычно политические государственные служащие – это первые руководители и так далее. Вместе с тем сегодня возникла проблема, когда на уровень вице-министра или заместителя акима региона назначаются люди, которые не владеют достаточной компетенцией, не имеют достаточного опыта работы именно в конкретной сфере либо по конкретному профилю деятельности. Мы хотим начать с этого, то есть относительно заместителей министров и заместителей акимов регионов.

Что касается в целом политической государственной службы, Вы сами прекрасно знаете, что согласно реформе 2017 года, и это конституционная норма, например, кандидатура на высокую политическую должность Премьер-Министра по рекомендации согласовывается с Мажилисом Парламента, а с Сенатом согласовываются кандидатуры Председателя Комитета национальной безопасности, Генерального Прокурора, Председателя Национального Банка.

То есть имеется перечень политических государственных служащих, у которых предусмотрен особый порядок назначения. Это касается, допустим, и министров. Кандидатуры министров соответствующие профильные комитеты Мажилиса согласовывают перед тем, как они получают назначение.

В этой связи мы решили начать пока с этого. Данные квалификационные требования относительно тех политических государственных служащих, которые я назвала, будут устанавливаться Указом Президента. Мы посмотрим правоприменительную практику. Со временем, может быть, этот перечень изменится. На сегодня ситуация такая. Спасибо.

ТӨРАҒА. Вообще возник вопрос. Это же переход к вопросу качества государственной службы. Это же зависит от людей, которые там находятся. Сейчас депутат Кусаинов поднимал вопрос по временщикам. Действительно, несколько месяцев в течение года поработал, там несколько месяцев, здесь – полгода. Резюме читаешь, просто вопросов нет.

Вы сейчас сказали, что некомпетентные люди становятся заместителями руководителей регионов, государственных органов. Вообще это нужно рассматривать как ЧП. Қуаныш Сұлтанұлы – бывший завоорг ЦК партии. Извините, тогда не все плохо было в системе. Под лупой смотрели, если брали кого-то на районный уровень. Солай емес пе, Қуаныш Сұлтанұлы? А сейчас мы что видим?

Сейчас говорят о квалификационных требованиях, может быть, надо задуматься, Анар Нуралыкызы? О чем? В зале сидят офицеры, генералы, которые это очень хорошо знают. Прежде чем получить очередное звание, в предыдущем звании он должен отходить какое-то время. Помимо этого, он должен соответствовать этой должности. А перед тем, как получить очередное воинское звание, дается заключение о результатах его работы в предыдущей должности, в предыдущем звании.

Государственная служба не менее важна, чем военная служба или служба в правоохранительных органах. Нужно задуматься, иначе, Анар Нуралыкызы, мы будем только говорить про квалификационные требования, повышение ответственности и так далее. Какая-то квалификация должна быть. Если мы говорим о квалификационных требованиях, должна быть квалификация. Она должна быть в параметрах работы по срокам. Она должна быть в параметрах работы по датам, периоду какой-то работы. Самое главное – она должна быть еще и по результатам работы. Человек, отработав на предыдущей работе с результатами, достоин выдвижения, а если он просто

пришел, посидел, трубки поснимал вовремя, на работу приходил и уходил, сол үшін жарты жылдан кейін басқа жұмысқа ауысса, это какая оценка работы?

Время изменилось просто, народ тоже сегодня видит, как работают государственные служащие. Мы можем что угодно говорить. Знаете, у нас бывает иногда, что раздуваем, раздуваем, он, бедняга, лопнет скоро, мы хвалим, хвалим, говорим, а народ-то знает, дает оценку акиму поселка, района и так далее. Это очень важно.

Когда мы будем говорить про квалификационные требования, давайте сделаем что-то такое, что должно быть сдерживающим фактором для тех, кто не умеет работать, и большим стимулом для тех, кто умеет работать. Хорошо?

ЖАЙЛҒАНОВА А.Н. Да, Нурлан Зайруллаевич. При подготовке Указа по квалификационным требованиям все Ваши замечания будут учтены. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Оксикбаев Омархан Нұртайұлына беріледі.

ОКСИКБАЕВ О.Н. Анар Нұралықызы, 90-шы жылдардан бері қарай біз мемлекеттік қызметті жетілдіріп келе жатырмыз, Батыстың да, Шығыстың да жаңа жүйелерін енгіздік. Қызметке келген әр төраға өзінің жаңа реформасын алып келіп жатты, мемлекеттік қызметте тұрақтылық болмады. Мемлекеттік кластық шенді енгіздік, бөлдік те, «А», «Б», «С» корпустарын да жасадық. Тер төгіп, әжептәуір қызмет істеп жүрген қаншама аудан әкімдері «А» корпусының тестілеуінен өте алмай жұмыссыз қалды. Соның барлығы болды. Енді бір сәтте біз оның бәрін жоқ қылдық. Бұның шегі бола ма, болмай ма? Біз мемлекеттік қызметте бір тұрақтылыққа келуіміз керек қой. Әйтпесе, жаңа Нұрлан Зайроллаұлы айтқандай, мемлекеттік қызметтің сапасы да болмайды, сұрауы да болмайды, тек көшіп-қонып жүретіндер, әр төбенің басында отыратындар болады. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

«А» корпусында резервте қалған 25 адамның өмірі не болады, болашағы не болады? Соларды біз тағы сызып тастаймыз ба? Олар сол корпусқа біраз еңбекпен өткен. Соларды қандай болашақ күтіп тұр? Рақмет.

ЖАЙЛҒАНОВА А.Н. Омархан Нұртайұлы, сұрағыңызға үлкен рақмет.

Резервтегі 25 адам қазіргі жаңа тәртіппен тағайындалатын болады. Тағы да қайталап айтамын, жауапты хатшылыққа Президенттің Жарлығымен тағайындалады, ал комитет төрағалығына министрдің бұйрығымен тағайындалады. Олар Президент Әкімшілігінің жанында Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия бар, соның келісімімен тағайындалатын болады. Аппарат басшылығына да солай тағайындалады. Резервтегі адамдарды ешкім сызып тастамайды, олар қазіргі жағдайда осындай тәртіппен жұмысқа орналастырылады, құқықтары шектелмейді.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Анар Нұралықызы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Бектұрғанов Ерсұлтан Өтеғұлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Баяндаманың басында 2015 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындау аясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы қабылданғанын естеріңізге сала кеткім келеді. Сол заңда мемлекеттік аппаратты дербес әрі кәсіби етуге бағытталған негізгі шаралар іске асырылған еді.

Өздеріңіз білесіздер, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жариялаған Бес институционалдық реформа құрамындағы маңызды бағыт – экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз ететін кәсіби мемлекеттік аппарат құру және тиісті мемлекеттік қызметтерді ұсыну.

Сонымен қатар өткен жылы Парламент депутаттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының нормаларын түзету жөніндегі заң жобасына бастама жасады.

Онда барлық түзетулер мемлекеттік қызметке кіру, оны өткеру рәсімдерін жеңілдетуге және артық бюрократияны жоюға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыруға бағытталған болатын. Дегенмен, өздеріңіз білесіздер, уақыт талабына сай Қазақстанның мемлекеттік қызметі, еліміздің дамуына ықпал ететін бақа салалар сияқты, тұрақты жаңғыру шараларын қолдануды талап етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылдың шілде айында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Мемлекеттік қызмет – бұл өз еліңе және халқыңа қызмет ету. Бұл – ерекше міндет. Сондықтан да осы жолда жүремін деген мемлекеттік басқарушылар өздеріне ерекше талап қойылатынын және өздерінен қатты сұраныс болатынын түсінуге тиіс», – деп атап көрсеткен болатын.

Ұсынылып отырған заң жобасы жоғарыда көрсетілген талаптарды орындауға бағытталғанын атап өткім келеді.

Біз қарап отырған заң жобасының маңызды жаңалықтарының бірі, жаңа баяндамашы атап өткендей, кейбір саяси лауазымдарға біліктілік талаптарын енгізу болып табылады. Бұл мемлекеттік саяси лауазымдарға тиісті салаларда білім алып, жұмыс тәжірибесін жинақтаған білікті мамандарды тарту қажеттігіне байланысты. Айтылған жаңа өзгеріс көптен бері мемлекеттік қызметшілер, депутаттар тарапынан және қоғамда айтылып жүрген талаптарға сай келеді деп есептеймін.

Сонымен қатар қазіргі таңда «А» әкімшілік корпусына жататын үш қана лауазым қалғаны белгілі. Сондықтан заң жобасында бұл корпусстың кадрлық резерві алынып тасталады. Соған орай аталған мемлекеттік қызмет корпусына іріктеуді Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия жүзеге асыратын болады.

Мәжіліс депутаттары жергілікті деңгейде, атап айтқанда, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараттарында білікті кадрлар жетіспейтінін бұған дейін бірнеше рет көтерген болатын. Бұл мәселе әсіресе бюджеттің төртінші деңгейі енгізілгеннен кейін ерекше өткір сипат алып отыр. Осы

проблеманы шешу үшін аталған әкімшілік аппараттарына жұмыс істеуге баратын азаматтарға «Дипломмен – ауылға!» жобасын қолдану ұсынылады.

Сонымен қатар жобаға бір сыпыра редакциялық және нақтылаушы сипаттағы түзетулер де енгізіледі.

Бүгінгі күні жұмыс тобына 20-дан астам түзету берілді. Келіп түскен түзетулерді қарауда мүдделі тараптардың пікірлері ескерілуде және ары қарай да пысықталатын болады.

Жұмыс тобы екінші оқылымға дейін мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы заң жобасының іске асырылу тиімділігін қамтамасыз ететін нормаларды әзірлейді деп санаймыз.

Мәжілістің барлық комитеттері өздерінің оң қорытындыларын беріп, заң жобасының тұжырымдамасын қолдайтынын білдірді.

Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерсұлтан Өтеғұлұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Жакыпов Қабіболла Қабенұлына беріледі.

ЖАҚЫПОВ Қ.Қ. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Бірінші кезекте қазіргі мемлекеттік аппаратты қалыптастыру жөніндегі міндет Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айқындаған Бес институционалдық реформаны жүйелі жүргізу барысындағы түйінді мәселелердің бірі болып табылатынын атап өткім келеді.

Осыған байланысты Елбасы: «Мемлекеттік қызмет этникалық тиесілілігіне қарамастан барлығына меритократия қағидаты негізінде өзін-өзі іске асыру үшін бірдей мүмкіндіктер беретін қазақстандық қоғамның әділ прототипі болу керек», – деп ерекше атап өтті.

Мемлекеттік қызметтің қазіргі заманғы қазақстандық моделі меритократия қағидаттарына негізделген және мемлекеттік қызметке кірудің айқын және қатаң тәртібі, мемлекеттік қызметшілердің үздіксіз кәсіби даму мүмкіндігі, жұмыста «естілетін мемлекет» қағидаттарын пайдалану, жұмыс нәтижелерінің өзара байланысы және көтермелеу жүйесі, этикалық нормаларды бұлжытпай сақтау секілді тиімді кадрлық тетіктерді қалыптастыруға бағытталған.

Ұсынылып отырған заң жобасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекеттік қызмет саласындағы бастамаларының заңнамалық көрінісі болып табылатын бірқатар нормалардың қамтылғаны өте маңызды. Оның ішінде Президенттің Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің төрағасына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері, комитеттер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар басқармалары төрағаларының лауазымдарын қоса алғанда, қазақстандық жастарды мемлекеттік қызметтің барлық деңгейіне ілгерілету үшін президенттік жастар кадр резервін құру туралы берген тапсырмасы да бар.

